

Ғылымға міндет. Ғалымға құрмет...

2015 жылдың 4 желтоқсаны күні Тәрбие басқармасы, Филология институты, жалпы тіл білімі кафедрасының бірлесе ұйымдастыруымен көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұргелді Уәлидің 70 жылдық мерейтойына арналған «Ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтардың тілдегі сабақтатығы» атты тақырыбында кездесу кеші өтті.

Кездесу барысында университетіміздің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Жанатбек Ішпекбаев ғалымның тіл білімі ғылымына қосқан ерен еңбегі жөнінде кеңінен айтып, кешті жоғары деңгейде өтуіне қолдау білдірді. Одан әрі сөз кезегін филология институтының директоры Балтабай Әбдіғазыұлы мен жалпы тіл білім кафедрасының меңгерушісі Қалбике Есенова алып, мерейтой иесіне ізгі тілектері мен алғыстарын жаудырды. Кешті «Ана тілі» газетінің бас редакторының бірінші орынбасары Нұрперзент Домбай жүргізді.

Бұл кездесу еркін форматта өтіп, студенттердің ғылымға деген қызығушылығын арттыратын мотивациялық дәрістер оқылды және тіл білімінің өзекті жайттары да назардан тыс қалмады. Ғалымның ғылымдағы жолы туралы деректі фильм көрсетіліп, жас ақындардың ғалымға арнау өлеңдері оқылды. Құрметті қонаққа арналған ән-жырдан шашу шашылып, би өрнегі көрсетілді. Университет басшылығы тарапынан ғалымға сый тарту етілді.



